



БЕКІТЕМІН:



«Нархоз Университетінің экономикалық
колледжі» мекемесінің

Абайдуллаев М.С.

2025 жыл.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ С А Я С А Т

Алматы қаласы, 2025 жыл

1. НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат -- жемқорлық тәуекелдердін төмендетуге, қоғамның колледж қызметіне сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық шаралар, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу, ескерту және тоқтату бойынша кешенді шараларды ұйымдастыру.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган -- Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыру мен іске асыруды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында үйлестіруді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеп-тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері.

Сыбайлас жемқорлық -- қызметтік жағдайды пайдаланып, адал емес тәсілмен жеке пайда табу; пара алу немесе беру арқылы пайда табу.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім -- адалдық идеологиясын ілгерілету және «сыбайлас жемқорлыққа нөлдік төзімділік» ұстанымын қалыптастыру.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар -- сыбайлас жемқорлыққа тән белгілері бар, заңмен әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік көзделген құқыққа қарсы кінәлі әрекеттер (әрекет немесе әрекетсіздік).

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері -- қызметкер немесе басқа тұлғалардың ұйым атынан немесе ұйым мүддесінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасау мүмкіндігі.

Сыбайлас жемқорлықты болдырмау -- сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат субъектілерінің құқық бұзушылықтардың пайда болуына әкелетін құбылыстар мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу немесе жою, сондай-ақ олардың салдарын жоюға бағытталған қызметі.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

«Нархоз Университетінің экономикалық колледжі» мекемесінің (әрі қарай - Колледж) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты (әрі қарай - Саясат) колледждің ішкі нормативтік құжаты болып табылады. Ол Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» туралы Заңына, 2022–2026 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасына (02.02.2022 ж. № 802 Жарлық), Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» заңдарына, Еңбек кодексіне және колледждің ішкі нормативтік актілеріне негізделіп жасалған. Саясат сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және заңдық нормаларды сақтау бойынша негізгі қағидалар, мақсаттар мен талаптарды анықтайды.

2. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТТЫ ЕНГІЗУДІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Аталған Саясат колледжде сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу мен тоқтату бойынша жүйелік тәсілді қамтамасыз етуге бағытталған.

Негізгі мақсаттар мен міндеттер:

- Қызметкерлер мен студенттер арасындағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды болдырмау жөнінде профилактикалық жұмыстар жүргізу және ескерту;
- Колледждің жұмыс барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдердің пайда болуына ықпал ететін жағдайларды жою;
- Колледжде сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік атмосферасын қалыптастыру;
- Студенттер мен қызметкерлерді сыбайлас жемқорлыққа тарту тәуекелдерін азайту;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар тізімін анықтап, олардың іске асуын ұйымдастыру;
- Колледж қызметінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету, азаматтардың ақпаратқа қолжетімділігін қолдау;
- Қызметкерлер, оқытушылар, студенттер мен техникалық персоналдың сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат талаптарын сақтамағаны үшін персоналдық жауапкершілігін белгілеу.

3. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

- Заңдылық -- сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» туралы Қазақстан Республикасының заңына және білім саласындағы басқа да нормативтік-құқықтық актілерге қатаң сәйкестігі;
- Адам құқықтары мен бостандықтарының басымдылығы -- қызметкерлер мен студенттердің құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және қорғау;
- Ашықтық және жариялылық -- саясатты жүзеге асыру процесінің ашықтығы, шаралар мен нәтижелер туралы ақпараттың қолжетімділігі;
- Колледж қызметкерлерімен оқушыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты енгізу, хабарлау және практикалық қолдану барысында белсенді қатысуы;
- Жауапкершіліктен бұлтартпастығы -- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін лауазымына, еңбек өтіліне немесе білім мәртебесіне қарамастан, барлық қатысушылардың жауапкершілікте болуы.

4. ОҚУ ПРОЦЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС БАҒЫТЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Бұл бөлімде көрсетілген құқықтар -- Колледждегі білім беру процесінің барлық қатысушыларына -- оқушыларға және олардың заңды өкілдеріне, оқытушыларға және колледж қызметкерлеріне қатысты:

- колледждің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының нормалары туралы сенімді ақпарат алуға;
- кемсітушілік немесе қудалау қаупінсіз сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларға қатысуға,
- сыбайлас жемқорлық саясатының сақталуына қатысты өтініштер, хабарламалар және ұсыныстар беру;
- сыбайлас жемқорлық көріністері туралы хабарлағанда құпиялылыққа;
- бұзушылықтар туралы адал ниетпен хабарлаған кезде жалған айыптаулар мен қудалаудан қорғауға;
- сыбайлас жемқорлық оқиғаларын қарастыру барысында өз пікірін түсіндіруге және қорғауға;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру аясында құқықтары мен міндеттері туралы түсінік алуға.

Колледж әкімшілігі аталған құқықтарды қамтамасыз етуге, әділеттілік, объективтілік және қатысушылардың адал ниеті презумпциясы қағидаттарын сақтауға міндетті.

5. КОЛЛЕДЖ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МЕН ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТТЫ ОРЫНДАУ ЖӨНІНДЕГІ МІНДЕТТЕРІ

- Қызметтік міндеттерін орындау кезінде осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың ережелерін басшылыққа алып, оның қағидалары мен талаптарын қатаң сақтау;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында колледждің әрбір қызметкері осы саясатқа **№1 қосымшаға** сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы міндеттемені өзіне қабылдап, қабылдағаны жөнінде қол қоюға міндетті;
- Қол қойылған міндеттеме қызметкердің жеке ісінде сақталады және тәртіптік бұзушылықтарды қарау кезінде, сондай-ақ көтермелеу туралы шешім қабылдағанда ескеріледі;
- Құқықтық және адамгершілік-этикалық нормаларды зерделеу, құқықтық мәдениетті арттыру мақсатында өткізілетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту мен іс-шараларға қатысу;
- Басқалар тарапынан сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылығын жасауға дайын екендігін білдіретіндей кез келген мінез-құлықтан аулақ болу;
- Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу мақсатында құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардың уәкілетті өкілдеріне жәрдем көрсету;
- Сыбайлас жемқорлық көріністері немесе сыбайлас жемқорлық әрекеттер жасауға итермелеу әрекеттері туралы белгілі болған фактілерді колледж басшылығына немесе уәкілетті органдарға дереу хабарлау. Мұндай фактілерді қасақана жасыру да бұзушылық ретінде қарастырылады;
- Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық фактісі туралы адал хабарлаған оқытушылар мен қызметкерлер тәртіптік жазаға тартылмайды және олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау шаралары Қазақстан Республикасының заңнамасына және колледждің ішкі құжаттарына сәйкес қамтамасыз етіледі;
- Қызметтік жағдайын жеке немесе өзге тұлғалардың пайдасы үшін пайдалануға жол бермеу;

- Қызметтік міндеттерін орындауға байланысты жеке және заңды тұлғалардан қандай да бір сыйақыларды, сыйлықтарды, қызметтерді немесе өзге де игіліктерді қабылдамау және сұрамау;
- Колледждің ішкі нормативтік актілерінде көзделген кәсіби этика мен қызметтік мінез-құлық нормаларын сақтау.

6. КОЛЛЕДЖ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МЕН ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТ ТАЛАПТАРЫН БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

- Колледж қызметкерлері осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың ережелерін сақтауға дербес жауапты;
- Белгіленген талаптарды бұзу -- тәртіптік теріс қылық болып саналады және Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, колледж Жарғысына және колледждің ішкі нормативтік актілеріне сәйкес тәртіптік жауапкершілікке әкеп соғуы мүмкін;
- Қызметкердің әрекеті немесе әрекетсіздігі сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылығының белгілерін қамтыған жағдайда, бұл туралы ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті мемлекеттік органдарға берілуі тиіс;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат ережелерін білмеу немесе елемей жауапкершіліктен босатпайды;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты бұзғаны дәлелденген жағдайда, кінәлі тұлғалар колледждің Жарғысына, ішкі тәртіп ережелеріне, корпоративтік мәдениет және әдеп кодексіне, әдеп және тәртіп кеңесі туралы ережесіне, сондай-ақ колледждің өзге де ішкі актілеріне сәйкес жауапкершілікке тартылады және (немесе) материалдар құқық қорғау органдарына беріледі;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы міндеттемелерді бұзу фактілері колледждің әдеп және тәртіп кеңесінде қаралады, бұл ретте қызметкерлерге өз ұстанымын түсіндіруге құқық беріледі.

7. ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында әрбір студент осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатпен міндетті түрде танысып, осы саясаттың **2-қосымшасына** сәйкес бекітілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы міндеттемелерді өзіне қабылдап, қабылдағаны жөнінде қол қоюы тиіс;

- Қол қойылған міндеттеме студенттің жеке ісінде сақталады және тәртіптік бұзушылықтарды қарау барысында, сондай-ақ мадақтау, мінездеме беру және студенттік өзін-өзі басқару органдарына қатысу мүмкіндігін қарау кезінде ескеріледі;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы міндеттеме мыналарды қамтиды:
 - сыбайлас жемқорлықтың кез келген түрінен бас тарту;
 - академиялық адалдық қағидаларын сақтау;
 - білім беру ортасындағы сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілік таныту;
 - колледж әкімшілігін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілері туралы уақтылы хабардар ету міндеттемесі;
 - жоғарыда көрсетілген нормаларды сақтамағаны үшін жеке жауапкершілікті сезіну;
- Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы адал ниетпен хабарлаған оқушы тәртіптік жазаға тартылмайды, бұл ретте оның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау шаралары Қазақстан Республикасының заңнамасына және колледждің ішкі құжаттарына сәйкес қамтамасыз етіледі;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы міндеттемелерді бұзғаны үшін оқушы колледждің Жарғысына, Ішкі тәртіп ережелеріне, корпоративтік мәдениет және әдеп кодексін, әдеп және тәртіп жөніндегі Кеңес туралы ережеге, сондай-ақ басқа да ішкі актілерге сәйкес тәртіптік жауапкершілікке тартылады;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы міндеттемелерді бұзу фактілері колледждің әдеп және тәртіп жөніндегі Кеңесінде қаралады, бұл ретте оқушыға өз ұстанымын түсіндіру құқығы беріледі.

8. КОЛЛЕДЖДЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТТЫ ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру және Колледж қызметкерлері, оқытушылар мен білім алушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру мақсатында келесі іс-шаралар көзделеді:

- Оқытушылар мен колледж әкімшілігінің академиялық адалдық саясатын әзірлеуге және іске асыруға қатысуы. Бұл шараның мақсаты - этикалық мінез-құлықтың тұрақты стандарттарын қалыптастыру және академиялық адалсыздыққа жол бермеу.
- Барлық қызметкерлерді, оқытушыларды және колледж білім алушыларын Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатпен жеке қол қою арқылы таныстыруды қамтамасыз етуге, танысқандығы туралы арнайы есеп журналында тіркеуге,

сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың орындалуын бақылауды жүзеге асыруға, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау, түзету шараларын іске асыру және бақылау нәтижелері бойынша колледж басшылығына жылына кемінде бір рет есеп беру іс-шараларын ұйымдастыру міндеттеу.

- Қаржы-шаруашылық қызметтің экономикалық негізділігін, ашықтығын және заңдылығын қамтамасыз ету мақсатында тұрақты ішкі бақылау мен аудитті жүзеге асыру. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім салалардағы операциялар мен сатып алуларға ерекше назар аудару, колледждің қаржы-шаруашылық қызметінің Қазақстан Республикасының заңнамасына, соның ішінде Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Заңына, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына, сондай-ақ білім беру ұйымдарының қызметін реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігін қамтамасыз ету.

9. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат -- колледждің ішкі нормативтік актісі болып табылады және білім беру процесіне қатысушылардың барлығы үшін міндетті болып саналады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат колледж Бас директорының бұйрығымен бекітілген сәттен бастап күшіне енеді және оған өзгерістер енгізілгенге дейін немесе ол күшін жойды деп танылғанға дейін қолданыста болады.

Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа тіркелген - «Нархоз Университетінің экономикалық колледжі» мекемесінің қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы міндеттемесінің нысаны -- **1-қосымша** және «Нархоз Университетінің экономикалық колледжі» мекемесінің білім алушыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы міндеттемесінің нысаны -- **2-қосымшалар** оның ажырамас бөлігі болып табылады.

Колледждің білім алушылары, педагогикалық қызметкерлер және колледждің басқа да қызметкерлері өз лауазымдық міндеттері және қолданыстағы заңнама шеңберінде осы аталған саясат ережелерін сақтауға жауапты болады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың іске асырылуын және сақталуын бақылау колледждің Бас директорына жүктеледі.

«Нахоз Университетінің экономикалық колледжі» мекемесі қызметкерінің

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МІНДЕТТЕМЕСІ

Мен, _____ Т.А.Ә.
(толық)

_____ (лауазымы)

колледждің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатымен таныстым және осы міндеттеме арқылы төмендегіні растаймын:

1. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын, соның ішінде ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын сақтаудың маңыздылығын түсінемін және оны қатаң ұстануға міндеттенемін.
2. Колледждің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының ережелерін сақтауға, сыбайлас жемқорлық деп бағалануы мүмкін әрекеттерге қатысудан бас тартуға, қызметтік жағдайымды жеке немесе үшінші тұлғалардың мүддесі үшін пайдаланбауға, мүдделер қақтығысына жол бермеуге және ол туындаған жағдайда басшылықты дер кезінде хабардар етуге, сыбайлас жемқорлық фактілерін тексеруге жәрдем көрсетуге және белгілі болған сыбайлас жемқорлық көріністері туралы дереу хабарлауға міндеттенемін.
3. Осы міндеттемені бұзу Қазақстан Республикасының заңнамасында және колледждің ішкі нормативтік актілерінде көзделген тәртіптік және өзге де жауапкершілікке әкеп соғатынын түсінемін.

Осы міндеттемемен танысқаным жөнінде және оны қабылдайтыным туралы растаймын.

Күні: « _____ » _____ 20 _____ ж.

Қолы: _____

Т.А.Ә. (толық): _____

2-қосымша

«Нахоз Университетінің экономикалық колледжі» мекемесі студентінің **СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МІНДЕТТЕМЕСІ**

Мен, _____
(студенттің тегі, аты, әкесінің аты толық)

_____ (топты
н, бөлімнің атауы)

білім алушысы, колледждің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатымен таныстым және осы міндеттеме арқылы төмендегіні растаймын:

1. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын, сондай-ақ колледждің сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ішкі нормативтік құжаттарын сақтаудың маңыздылығын түсінемін.

2. Міндеттенемін:

- сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қандай да бір түрде қатысуға жол бермеуге, оның ішінде пара беру, алу немесе заңсыз артықшылықтар ұсыну мен қабылдаудан бас тартуға;
- оқытушыларға, колледж қызметкерлеріне немесе басқа тұлғаларға бағаны жоғарылату, емтихандар мен сынақтарға жіберу, жеңілдіктер мен басқа да артықшылықтар алу мақсатында материалдық не материалдық емес игіліктер ұсынудан бас тартуға;
- академиялық адалдықты сақтауға және оқу тапсырмаларын рұқсат етілмеген әдістерді пайдаланбай, өз бетімен орындауға;
- белгілі болған сыбайлас жемқорлық фактілері немесе оны жасау әрекеттері туралы колледж әкімшілігіне дереу хабарлауға;
- студенттер арасында сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік атмосферасын қалыптастыруға жәрдемдесуге.

1. Осы міндеттемені бұзу Қазақстан Республикасының заңнамасына және колледждің ішкі нормативтік актілеріне сәйкес тәртіптік жауапкершілікке әкеп соғатынын түсінемін.

Осы міндеттемемен танысқаным жөнінде және оны қабылдайтыным туралы растаймын.

Күні:«_____»_____20_____ж.

Білім алушының қолы: _____

Т.А.Ә. (толық): _____

(Егер білім алушы кәмелетке толмаған болса):

Міндеттемемен таныстым, келісемін:

Заңды өкілінің қолы: _____

Заңды өкілінің Т.А.Ә. (толық): _____

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ :

Бас директордың бірінші орынбасары:



Оспанкулов Е.Е.

Бас директордың оқу жұмыстары
жөніндегі орынбасары:



Мамедова О.И.

Бас директордың оқу-методикалық
жұмыстары жөніндегі орынбасары:



Жакупова З.М.

Бас директордың ақпараттық
технологиялар бойынша орынбасары:



Мухсина К.Ж.

Бас директордың құқықтық мәселелер
жөніндегі кеңесшісі:



Зульярова З.Б.